

І ТУУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

сентябрь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйым.

БК(б)П-ның XIX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, егін жыйнау мен астық дайындау жоспарының әрбір колхозда ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз ету—жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық орындарының бүгін таңдағы ең абройлы борышы.

Астық кезені

комбайндардың бар-мыс істеді. Мәселен, жыйнаған комбайн-тас тіркеудегі «Стальной» мен «Смена» комбайндары орындап отырды.

мен комсомолец-тективтері егін жыйнауда тікелей жұмысінде үгіт-түркінен өрістетті. нау мен астық дайындау осы дәрежеде деп айта алмай-тар) колхозарында ж дайындаудың ба-танғысыз болып асымызда егін жыйнау жұмыстарының ілін соғуда.

Преснов, Ленин дарында өте-мәте

Бұл аудандарда мүлдем бау-тыстары ойдағыдай еді. Осының салда-ке астық таспыру-сүндік графигін ұда-р. Егін жыйнау мен ыстарының ойсыра-

Қазақстан К(б)П VI съезі

1952 жылғы 20 сентябрьдегі кешкі мәжіліс

Съезің 20 сентябрьдегі кешкі мәжілісінде Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Қазақстан К(б)П Төзсеру комиссиясының есепті баяндамалары бойынша жарыссөздер басталды.

Бірінші болып Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары **М. Шахшин** жолдас сөз сөйледі. Ол партияның XIX съезіне әзірленуге байланысты облыс еңбекшілерінің орасан зор саяси және еңбек ерлеуі туралы айтты.

—Бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасы, —деді Шахшин жолдас, —еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларын жанадан қуатты өркендете түсуді көздейді. Сталинград су электр станциясының өңірінде жер суаратын және суландыратын жүйелер салуға байланысты біздің облысымызда экономика мен мәдениетті өркендетудің орасан зор перспективалары ашылып отыр. Батыс Қазақстан облысының жеріндегі су қорлары мен басқа қорларды пайдалану, сонымен қатар, колхоздар мен совхоздарда егін қорғайтын ағаштар отырғызу жөнінде шаралар жүргізіледі. Осының бәрі жиі-жиі кездесетін қуаңшылықтың апатты зардаптарын түпкілікті жеңуге, барлық ауылшаруашылық дақыл-

жетті жағдайлар тудырып отыруға, елінің мейлінше ықпалды болуын қамтамасыз етуге міндетті. Алайда, Қазақстанның партия ұйымында мұндай жағдайлар жасалмайтын фактілер әлі де бар. Бұғач, еңалдымен, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюросы, оның секретарьлары және Шаяхметов жолдасың өзі кінәлі.

— Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, —деді бұдан кейін Бейсенов жолдас, — қызметкерлердің саяси және іскерлік сапасын қараған уақытта әрдайым партия бұқарасының пікірін, коллективтің пікірін еске алмайды.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюросы кейде қатардағы коммунистердің ғана емес, тіпті Орталық Комитет мүшелерінің де елеулі сын ескертулеріне назар аудармайды. Орталық Комитетте болған кеңестердің бірінде Салин жолдас, оның Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары болған кезінде, республиканың тамақ өнеркәсіп Министрі Бутин жолдасы сынады. Орталық Комитеттің мүшелері Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюросы бұдан қажетті қорытынды жасайды деп сенді. Бірақ, бұлай болмай шықты. Ал, оның бербағында Бутин жолдас Министрліктің аппаратында және

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті жұмысының стилі мен әдісі көрініп отыр. Орталық Комитет өз жұмысын бүгінгі талаптар дәрежесіне сай әлі қайта құрған жоқ. Орталық Комитеттің ашараты сан алуан қарарлардың жобаларын әзірлеу және жасау ісімен көп шұғылданады. Осының салдарынан Орталық Комитеттің қызметкерлері партия ұйымдарында сирек болады. БК(б)П Орталық Комитетінің және Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің қарарларының орындалуын бақыламайды, жергілікті жерде ұйымдастыру жұмысымен жеткілікті шұғылданбайды.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті әдетте облыстық және аудандық партия комитеттерінің жұмысы туралы қарарлар қабылдағанда негізінен кемшіліктерге ғана назар аударады. Мұндай қарарлар дұрыс, бірақ, партия ұйымдарының жұмысына біржақты баға беруге болмайды. Партия ұйымдарын, сонымен қатар, көл жеткен табыстардың тәжірибелеріне үйрету керек. Алайда, Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті жұмысының практикасында бұлай болмай отыр. Мұның себебі — Қазақстан Орталық Комитеті жергілікті жерлердегі істің жайын үстірт біледі.

Батинин жолдас сөзінің қорытынды-

және көп тақырыптылық орын алды. Міне, сондықтан да жаңадан өсірілген қойдың екі түрлі тұқымының —биязы жүнді қазақы қой мен арқар-жеринос қойының өндіріс талаптарына жауап бермей отырғандығы тегін емес. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, Министрлер Советі және ауыл шаруашылығы Министрлігі бұл тұқымдарды қойдың жаңа тұқымы ретінде бекітуге асығып, ғылыми мекемелерден ол қойлардың өндірістік жағдайда сыналғаны туралы толық мәліметтер талап етпеді.

Шешен ғылыми кадрларды даярлау, іріктеу және олардың мамандығын арттыру мәселелеріне тоқталды. Ол аспирантураны бітіргендердің саны аспирантураға алынғандардың жалпы санынан мейлінше аз болып отырғанын атап айтты, аспиранттар даярлаудың ғылыми дәрежесінің төмен екендігін көрсетті.

Бұл кемшіліктердің себебі мынада: аспирантураға кандидаттар дұрыс іріктеліп алынбайды, олардың ғылыми маман жетекшілерінің саны өте аз.

Мұнан кейін Қарағанды облыстық партия комитетінің секретары **А. Х. Хафизов** жолдас сөйледі.

—Облыстың ондаған мың шахтерлері, металлургтері, құрылысшылары, колхозды

агрегаттары толық қуатымен жұмысқа қосылды. Аталған аудандардың астық дайындауға үздік табыстарға жетуінің негізгі себебінің өзі осы болды. Колхоздардың басым көпшілігінде комбайн агрегаттары күнбе-күн жұмысқа қосылып, егінді әрі тез, әрі көп жыйнады. Мұның өзі астықтың мол бастырылуына, сөйтіп, әрбір колхоздың мемлекетке астық тапсыруға күнбе-күн қатысып отыруына қолайлы жағдай туғызды.

Мысалға Полудень ауданындағы Киров атындағы колхозды алайық. Бұл колхоз мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын және артығымен орындап шықты.

В. И. Ленин атындағы Еділ-Дон кеме қатынасы каналының құрылысшыларына Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

В. И. Ленин атындағы Еділ-Дон кеме қатынасы каналы, Цимлянский су электр станциясын және Ростов облысындағы бірінші кезектегі 100 мың гектар қуаң жерді суаруға арналған құрылыстарды салу және пайдалануға беру жөніндегі ерекше үздік еңбектері мен жан-қиярлық жұмысы үшін мыналарға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, ЛЕНИН ордені мен «Орақ пен Балға» алтын медалі қоса тапсырылсын:

1. Александров Александр Петровичке — Еділ — Дон кеме қатынасы каналының Красноармейск құрылыс ауданының бастығы.

2. Барабанов Василий Арсеньевичке — Цимлянск су торабының құрылыс басқармасының бастығы.

3. Елисеев Василий Ивановичке — Еділ — Дон кеме қатынасы каналының Су бөлегін құрылыс ауданының бульдозершісі.

4. Ермоленко Иван Васильевичке — Еділ — Дон кеме қатынасы каналының Дон құрылыс ауданының адымдаушы экскаватор шебері.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Москва, Кремль 19 сентябрь 1952 жыл.

рылған астық үздіксіз газартылып, дайындау пункттеріне жөнелтіліп отыратын болсын. Еңбек өнімділігін арттыру үшін партия ұйымдары егіншілердің БК(б)П XIX съезі құрметіне лайықты тарту әзірлеу жолындағы социалистік жарысына нақтылы басшылық жасауға, осы арқылы жұмыстың негізгі учасқоқтерінде жаңа қарқын туғызып отыруға міндетті.

БК(б)П-ның XIX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, егін жыйнау мен астық дайындау жоспарының әрбір колхозда ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз ету — жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық орындарының бүгін таңдағы ең абыройлы борышы.

5. Жук Сергей Яковлевичке — «Гидропроекттің» бастығы және «Главгидрополгонстройдың» бас инженері.

6. Руссо Георгий Андреевичке — «Гидропроект» бастығының орынбасары және бас инженері.

7. Симан Евгений Петровичке — Цимлянский су торабы құрылысының экскаватор машинисі.

8. Слепуха Дмитрий Алексеевичке — Еділ — Дон кеме қатынасы каналының су бөлетін құрылыс ауданының аға экскаватор шебері.

9. Улесов Алексей Александровичке — Цимлянский су торабы құрылыс ауданының электросварщикі.

10. Усов Анатолий Павловичке — Еділ — Дон кеме қатынасы каналының су бөлетін құрылыс ауданының 14 текшеметрлі адымдаушы экскаватордың бастығы.

11. Филимонов Николай Александровичке — «Главгидрополгонстройдың» бас инженерінің орынбасары.

12. Щербинин Алексей Александровичке — Цимлянский су торабы құрылыс ауданының бастығы.

Председателі
Секретары:

Н. ШВЕРНИК.
А. ГОРНИН.

тың құрылыстардың жобалары мен сметаларын неғұрлым тез қарап, бекіту талап етілді. Бұл жобалар мен сметалар су шаруашылығының Жоғарғы басқармасына быбылғы апрельде жіберілген болатын. Содан бері бес айдай уақыт өтті, бірақ, су шаруашылығының Жоғарғы басқармасы жобалар мен сметаларды осы уақытқа дейін бекітпеді, сөйтіп, іс жүзінде көлөктіп суаратын құрылыстарды салуға кедергі жасады.

Облыстың мал шаруашылығында туып отырған қиын жағдайды тез түзету үшін мал санын көбейту және оның өнімділігін арттыру мәселелерін комплексті шешу қажет. Қазақстан Б(б)П Орталық Комитетінің бюросы мен республиканың Министрлер Советі біздің кемшіліктерді жоюмызға көмектесіп, Батыс Қазақстан колхоздарының экономикасын өркендету жөнінде нақты шаралар белгідеуге тиіс.

Қазақстан кәсіподақтар Советінің председателі **В. Б. Бейсенов** жолдас сөз алды.

—Кәзір Қазақстанда, — деді ол, — бүкіл еліміздің барлық жеріндегі сияқты, партияның XIX съезіне әзірлік кенінен өрісеті. Баспасөзде жарияланған БК(б)П Орталық Комитетінің съезге арналған документтерді жұмысшылардың, шаруалардың және еңбекші интеллигенцияның бұрын-соңды болып көрмеген саяси және еңбек өрлеуін тудырды. Москваның Сталин атындағы автомобиль заводы коллективінің бастамасы және Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің шақыруы бойынша Қазақстан еңбекшілері партия съезінің құрметіндегі социалистік жарысты барған сайын кең өрістетуде.

Жаңа бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындау жолындағы күреске еңбекшілер бұқарасын жұмылдыру ісінде партия ұйымдарына белсене көмектесуге тиісті кәсіпшілер одақтарының міндеттерін айта келіп, Бейсенов жолдас төменнен болатын өзара сын мен сынды өрістетуді мәселесін көтерді.

—Сын мен өзара сынды өрістету үшін, — деді ол, — құрғақ тілек білдіру жеткіліксіз. Партия ұйымдары сын мен өзара сынды күнбе-күн басқарып, оның өрістеуіне қа-

лық Комитетінің, облыстық партия комитетінің жанында да аудандық комитеттің секретарьларымен бірде-бір жыйналыс өткізілген жоқ. Сонымен қатар, іріленген колхоздардың партия ұйымдары секретарьларының оқуы да ұйымдастырылмады.

Мұнан кейін Алматы облыстық партия комитетінің секретары **Ә. Қ. Қанапин** жолдас сөйледі. Ол партияның XIX съезін шақыру туралы хабарды Алматы облысы еңбекшілерінің патриоттық зор өрлеумен қарсы алғандығы туралы айтты. Облыстың жұмысшылары, колхозшылары мен колхозшы әйелдері, интеллигенциясы партияның XIX съезінің құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, коммунист партиясына, совет халқының даңышпаң көсемі және ұстазы Сталин жолдасқа деген шексіз сүйіспеншілігімен берілгендігін айқын көрсетті.

Быбыл облыстың колхоздары мен совхоздары бітік егін өсірді. Астық дайындаудың мемлекеттік жоспары өткен жылғыдан 30 күн бұрын орындалды. Колхоздар өздерін тұқыммен толық қамтамасыз етіп, сақтық және азықтық қорлар жасауда.

—Егер облыстық партия комитетінің, бүкіл облыс партия ұйымының жұмысында елеулі кемшіліктер мен олқылықтар орын алмаған болса, — деді Қанапин жолдас, — біздің облысымыздың нәтижелері бұдан анағұрлым жақсы болған болар еді.

Қанапин жолдасының атап көрсеткеніндей, ауыл шаруашылығындағы басты міндет — барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша арттыру, қоғамдық мал санын көбейтіп, сонымен бірге, оның өнімділігін арттыру міндеті облыста баяу орындалуда. Облыстық және аудандық партия комитеттері совет және шаруашылық органдарының жұмысына орынсыз аралау сияқты теріс деп танылған практикадан әлі де тыйылмай, өздерінің нақты жұмысында көбінесе шаруашылық мәселелерімен айналысып партиялық-ұйымдық, партиялық-саяси жұмыстың мәселелерін естен шығарып жүр.

—Бұл елеулі кемшіліктерден, — деп атап көрсетті Қанапин жолдас, — Қазақ-

лау жұмыс кәсіп және артта қалу

—Осы көрсетті. Оғанай бірлесіпшіліктер шаруашылығының дәрпаттайды.

Мерке ау секретары берілді. Ол табыстарға қалық дақ шаруашылығын атап салған күр Ауданда құ құрылысы қосылғаннан тін жұмыс руга мүмк

Егіннің тырып, кө өркендеге мүмкіндігі сетті. Ала башар пай ты Пресол мен Қазақ ауыл шар қатар респ олардың С құрылысы көңіл бөлу ликаның с қоймалары режеде кө шиналарға бөлшектер уақытқа д Съездің ғы Бүкіло лым Акад Президиум жолдас:

—Фили лері. —де байланыс тың ғылм

—Фили лері. —де байланыс тың ғылм

VI съезі

егі кешкі мәжіліс

мьнанғы шаруашылығы басқармаларының аударынының меңгерушісінің ұстаздарының қолхозшыларының өңірлік қызметкерлерінің артық бақылау орталықтарының қатарына кіріктіріліп отырғандығы айтылды. Даярлау жұмыстарына қатысатын кадрлардың қатысуына талап қойылып отырғандығы айтылды. Даярлау жұмыстарына қатысатын кадрлардың қатысуына талап қойылып отырғандығы айтылды.

қатарына кіріктіріліп отырғандығы айтылды. Даярлау жұмыстарына қатысатын кадрлардың қатысуына талап қойылып отырғандығы айтылды.

қолхоз өкілдерінің бәрі мен комитетінің мүшесі болып отыр.

Қазақ геология басқармасының бастығы М. М. Фунин жолдас өзінің сөзінде жерге партия комитеттерінің геологиялық партия мен экспедициялардағы партия жұмысына аз көңіл бөлетінін айтты. Ол сонымен қатар, республиканың сауда Министрі Сапарғалиев жолдасы, денсаулық Министрі Қарақұлов жолдасы, кинематография Министрі Жақыпов жолдасы, геологтардың тұрмысы мен мәдениет тілеулерін қамтамасыз етуге олардың мүдделілік қамқорлық жасамайтындығы үшін сынады.

Гордиенко Советтің

өкілдерінің жұмысындағы елеулі кемшіліктері туралы айтты.

Шымкент қорғасын зауытының директоры К. М. Симанов жолдас партия ұйымының завод коллективін стахановтық еңбекке, партияның XIX съезін ойдағыдай қарсы алуға қалай жұмылдырып отырғандығын айтты. Заводта стахановшылар мен өндіріс озаттарының қатары көбейіп, еңбек өнімділігі күннен күнге артуда. Сентябрь айының өндірістік жоспары жедел қарқынмен орындалуда.

Симанов жолдас Қазақстан К(б)Ш Орталық Комитетіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына елеулі таланттар қойып олардың рудадан түсті металдарды қолдануға игеріп алуға жолға қоюда коллективіне жеткілікті көмектеспей отырғандығын айтты. Жабдықтардың қуаты әлі де толық пайдаланылмайды, технологиялық процестің бұзылуы орын алып отыр.

— Жаңа бесжылдық жоспарға белгіленіп отырған бейбіт құрылыстың орасан зор программасымен жігерленген Шымкент қорғасын зауытының коллективі, — деді сөзінің қорытындысында Симанов жолдас. — Біздің социалистік Отанымыздың қуатын онан әрі арттыра беру үшін бұрынғыдан төрі жанамай еңбек ететін болды.

Қазақ геология басқармасының бастығы М. М. Фунин жолдас өзінің сөзінде жерге партия комитеттерінің геологиялық партия мен экспедициялардағы партия жұмысына аз көңіл бөлетінін айтты. Ол сонымен қатар, республиканың сауда Министрі Сапарғалиев жолдасы, денсаулық Министрі Қарақұлов жолдасы, кинематография Министрі Жақыпов жолдасы, геологтардың тұрмысы мен мәдениет тілеулерін қамтамасыз етуге олардың мүдделілік қамқорлық жасамайтындығы үшін сынады.

Жастар еңбек вахтасында

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбылдың өнеркәсіп және транспорт кәсіпорындарының жастары партияның XIX съезі ашылатын күнге дейін 9 айлық жұмыс нормасын орындауға міндеттенген болатын.

Жамбыл қант комбинатының жас жұмысшылары құрметті вахта күндерінде стахановтық өңбектің үлгілерін көрсетті. Михаил Саңжықов пен Олыға Родиваның комсомолдық участютері өндірістік графитпен озып, өнімнің жоғары сапалы болуын қамтамасыз етіп, оның өнімділік бағасын арттырды. Райса Верченко бастаған былғары зауытының жастар бригадасы өз уәделерін берік ұстауда. Кеше-бұл бригада мерзімінен бұрын үшінші төқсанның жоспарын орындағандығы туралы рапорт берді. 5 октябрьге дейін бригада 2 мың паракөміш шығаруға қажетті қосымша құрал шығаруға ұйғарды. Суперфосфат зауытында жарысушылардың алдыңғы сапында — инженер комсомолка Лидия Копацкын өменасы келеді.

Жамбыл торабының жас теміржолшылары съезд қарсаңындағы вахтаға өздерінің өндірістік табыстарын молайта түсуде. Паровоз машинистері комсомолдар Владимир Третьяков, Байдалы Кенжебаев, Василий Пеший, тағы басқалары сентябрь айында ондаған ауыр салмақты поездар жүргізді, нормадан тыс көптеген халық шаруашылық жүктер тасыды, 500 тонна көмір үкөмеді. Жас диспетчерлер Роман Островский мен Коптурсын Усипбаев кезек не тұрған күндері поездардың барлығы да шапшаң әдіспен жүргізіледі. Локомотивтер жөндеушілер арасында комсомолдар тоқарлар Криворучка мен Повестяной, слесарьлар Матвеев, Носков, Прасковья Манжас жолдастар ерекше көзге түсті. Қазір олар жаңа бесжылдықтың төртінші жылының есебіне бөлшектер шығаруда.

Агро-зоотехникалық оқу туралы

Соңғы жылдары облыс совхоздарының егін және мал шаруашылығы алып адымен өркендей түсті. Партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығына бөленген совхоз өңбекшілері дәнді дақылдардың шығымдылығын жылма-жыл арттырып, егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алуға, қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін молайтуға жетісті. Олар социалистік ауыл шаруашылығында мұндай табыстарға ғылым мен озат тәжірибені шебер ұштастыру нәтижесінде ие болып келеді.

Дегенмен, облыс совхоздарында егін шығымдылығын арттырудың сол сияқты, мал басын бір мезгілде оның өнімділігін молайта отырып, өркендетудің жайы әлі өз дәрежесінде емес. Бірқатар совхоздар егін өнімін арттыру, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі алға қойылып отырған күрделі міндеттерді ойдағыдай шеше алмай келеді. БК(б)-ның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің жаңа бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасында социалистік егін және мал шаруашылығын барынша өркендету көзделген. Бесжылдық жоспар директиваларының жобасында көрсетілгендей, егін және мал шаруашылығын өркендету егіншілер мен мал өсірушілердің білімін, мамандығы мен іскерлігін үздіксіз арттырып отыру жолымен шешілуге тиіс.

БК(б)-ның XIX съезі бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында социалистік ауыл шаруашылығына ғылым мен тәжірибе табыстарын бағыл қолдану аяғы көрсетілген. Бұл міндеттің ойдағыдай шешілуі жоғарыда айтылғандай, ауыл шаруашылығы мамандарының білім дәрежесінің жоғары болуына байланысты. Қолхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылығы мамандарының білімі мен мамандығын арттырудың бірден-бір жолы ұшжылдық агро-зоотехникалық курстардың жұмысын жақсарту, оларда мамандық

дей оқу программасын толық меңгеріп шықты. Мәселен, Чистов совхозында агро-зоотехникалық курстарда оқыған 50 адамның барлығы курстен-курске көшірілді.

Алайда, өткен оқу жылында Явленка және Буденный атындағы сияқты бірқатар совхоздарда агро-зоотехникалық оқу ойдағыдай жүргізілмеді, оқу программасы толық меңгерілмеді. Совхоз басшылары агро-зоотехникалық курстардың жұмысын жақсартып, ауыл шаруашылығы мамандарын көп даярлау ісіне жете мән бермеді. Алдағы жаңа оқу жылында мұндай кемшіліктерге жол бермеу керек. Ол үшін жаңа оқу жылына осы күннен мұқият әзірлік жүргізу қажет.

Өткен оқу жылында оқу үйі және оқу құралдарының жеткіліксіздігінен бірқатар курстарда сабақ идеялық жағынан төмен дәрежеде өтті. Быйыл совхоздар жаңа оқу жылына үлгілі әзірлік жүргізуде. Олар қажетті оқу құралдарымен жеткілікті қамтамасыз етілді. Осы сияқты оқу үйлері де оқу жылына дейін толық әзір болады.

Быйыл совхоздарда бірінші жыл оқығандар үшін 21 агрономиялық топ, 32 зоотехникалық топ жұмыс істейді. Оларда 1240 адам оқыйды. Ал, екінші жыл оқығандар үшін 24 агрономиялық топ, 19 зоотехникалық топ жұмыс істейді. Мұндай агро-зоотехникалық курстарда 800-ге жуық ауыл шаруашылығының мамандары оқып, өздерінің білімдерін көтереді.

Агро-зоотехникалық курстарда сабақты үнемі идеялық жоғары дәрежеде өткізу үшін оларды басқаруға және мектептерде оқуға ауыл шаруашылығының мамандарын, тәжірибелі агрономдар мен зоотехниктерді көптеп тарту қажет. Совхоздарда агро-зоотехникалық курстардың көпшілігі мұндай мамандар мен жеткілікті қамтамасыз етілуде. Әрбір курске сабақ өткізушілер сол сияқты, оны басқарушылар

жоспарды 5 октябрге дейін орындау мақсатын көздеп отырмыз.

Біз егін жыйнау мен шөп шабу жұмыстарын ұштастыра жүргізудеміз. Көзір үш кең алымды шөп машинасы және 9 көлік машиналары шөп шабуда жүр.

Власюк жолдас сөзінің соңында трактор агрегаттары мен комбайн паркін жұмыстарын жеткіліксіз ұйымдастырғаны үшін Булаев МТС-нің басшыларын сынады.

Чистов астық совхозы жұмысшылар комитетінің председателі Молдахметов жолдас съезд алдындағы материалдарды совхоз жұртшылығына түсіндіру мәселесінің жайына тоқталды.

—Ондаран үгітшілер, — деді ол, — ка-

орасан зор маңызын атап көрсетті.

—Партияның өзгертілген Уставының жобасы, — деді Имаков жолдас, — партияның қатарын бұрынғыдан да нығайтады, Ленин— Сталин партиясының мүшесі деген ұлы атақты бұрынғыдан да жоғары көтереді. Коммунистердің тапсырылған жұмысқа жауапкершіліктерін арттырады. Сын мен өзара сынның, әсіресе, төменнен көтерілген сынның кеңінен өрістеуіне толық мүмкіншіліктер береді.

Совет совхозы партия бюросының секретары Бравченко жолдас совхоз коммунистері өздерінің жалпы жыйналысында партияның өзгертілген Уставының жобасын талқылап, оны бірауыздан қабылдағанын және бұл жөнінде өздерінің пікір-

болып табылады. Алайда, аудандық комитет біздің партия ұйымындағы өздігінен оқушы коммунистер үшін консультанттарды бөлу ісіне немқетті қарап отыр.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша барлығы 9 адам сөз сөйледі.

Партия активінің жыйналысы партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары жобасын және партияның өзгертілген Уставының жобасын бірауыздан мақұлдады. Сонымен бірге, жыйналыс жаңа бесжылдықтың міндеттерін орындау және асыра орындау жолына аудан еңбекшілерін белсенділікпен жұмылдыру, партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың жайын онан әрі жақсарту мәселесі екенін атап көрсетті.

Партия жыйналысы туралы ұсынғысым

Партия жыйналысы — өнеркәсіп орындарының, колхоз, совхоздың саяси және шаруашылық өміріне, партиялық басшылық жасаудың, әсіресе, партияның мүшелері мен кандидаттарына тәрбие берудің негізгі бір түрі болып табылатыны мәлім. Коммунистер партия жыйналысында партия ұйымы мен коллективтің өмірінен туған негізгі мәселелерді шешеді, сын мен өзара сынның негізінде өз басшыларының жұмысындағы кемшіліктері мен қателіктерді батыл ашады. Сөйтіп, олар үкмет пен партияның қаулылары мен ұрандарын мүлтіксіз жүзеге асырудың нақтылы шараларын белгілейді.

Бесжылдық тәжірибе күнілгері мұқият әзірленген партия жыйналыстары жоғарғы дәрежеде өтегінің, коммунистердің мәселені шешуге белсенділікпен қатысатынын көрсетті. Партия жыйналыстары жиі және жоғарғы дәрежеде өткен партия ұйымдарында партиялық және мемлекеттік тәртіп қатаң сақталады. Партия мүшелері мен кандидаттарының идеялық-саяси және іскерлік қаблетінің дәрежесі жоғары болып келеді. Сондай-ақ мұнда шаруашылық міндеттер ойдағыдай шешіледі.

Алайда, біз партия активі жыйналыс-

тары мен пленумдарда қалалық, аудандық партия комитеттері мен саяси бөлім басшыларының баяндамаларынан бірсыпыра бастауыш партия ұйымдарында жыл бойына партия жыйналыстары 2—4 рет-ақ өтеді деген хабарды жиі естиміз. Сонымен бірге, мұндай партия ұйымдарында шаруашылық жұмыстардың қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы, кейбір коммунистердің партиялық тәртіпті бұзуы жөніндегі фактілер кездеседі.

Петропавл жол қызметі дистанциясы партия ұйымында өткен жылы партия жыйналысы екі айда бір рет, кейде мұналда селдір өтін келді. Тек осының салдарынан мұнда партия ұйымдық және партия-саяси жұмыстың дәрежесі төмен болды.

Коммунистердің есеп беру-сайлау жыйналысында партия жыйналысын жиі өткізу онда толғағы жеткен мәселелерді талқылау жөнінде қатаң талап қойылады. Партия ұйымы коммунистердің ұсынғыстарын жүзеге асыра отырып, бйылы партия жыйналысын өткізу мәселесін анағұрлым жақсартты. Осының нәтижесінде коммунистердің өндірістегі белсенділіктері айтарлықтай артты. Көзір Петропавл жол қыз-

меті дистанциясы темір жол бөліміндегі алдыңғы қатарлы учасіткердің бірі болып келеді.

Партия жыйналысының орасан зор маңызын еске ала келіп, мен партияның өзгертілген Уставының 59 параграфына партия жыйналысын өткізу жөнінде қосымша абзац енгізуді қажет деп санаймын. Бұл абзацтың редакциясын мына түрде болуды ұсынамын:

«Саны 15 және оннан артық коммунистері бар партия ұйымдарында партия жыйналыстары айына бір рет және партия бюросының мәжілісі бір рет өтетін болсын. Партия бюросы жоқ партия ұйымдарында партия жыйналысы айына екі рет шақырылатын болсын».

Мұндай қосымшаның болуы партия ұйымдары секретарьларын партия жыйналыстары мен партия бюросының мәжілістерін жиі өткізуге, ал, аудандық қалалық партия комитеттерін бастауыш партия ұйымдарына үнемі көмек көрсетуге міндеттейді.

В. АРАПОВ,

Петропавл жол қызметі дистанциясы бастығының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары.

Алматының кондитер фабрикасының коллективі 9 айлық программасын мерзімінен бұрын орындады. Еңбек қуанышына бөленген фабрика қызметкерлері съезд ашылған күнге дейін тағы да жоспардан тыс 9 миллион сомдық өнім шығару үшін барлық күш-жігерін жұмсауда.

Жарыста карамель цехы алда келеді. Карамельшілер жоспар бойынша 33 тонна орынына тозулігіне 44—45 тонна өнім шығарады. Мятельский жолдасын бригадасы тамаша еңбек етуде. Бұл бригада — сменалық тапсырмаларын 160—170 процент орындайды. Конфет цехындағы Усманов жолдасын бригадасы сменалық тапсырмасын бір жарым есе асыра орындайды.

Шоколад цехының коллективі тозуліктік жоспарын 106—110 процент орындайды. Павлова бастаған мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада күніне нормасын 170 процентке дейін жеткізеді.

Партия съезі құрметіндегі стахановтық вахта күндерінде фабрикада еңбек өнімділігі едәуір артты.

Мінсіз сапалы мол өнім шығаратын бригадалар

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Аяғөз жүн иіру фабрикасының коллективі сапалы өнім шығаруда. Съезд қарсаңындағы вахта күндерінде кәсіпорын бірінші сортты жіп шығаруды едәуір арттырды, үшінші сортты жіп шығаруды мүлде жойды. Бұл табысқа еңбектің озат әдістерін енгізу, жабдықтарды шеберлікпен пайдалану арқасында қол жетті. Поточная мен Мирманованың бригадаларына ССРО жеңіл өнеркәсіп министрлігі мен тоқымашылар кәсіподағының орталық комитеті мінсіз сапалы өнім шығаратын және еңбек өнімділігі жоғары бригадалар деген құрметті атақ берді. Көзір олардың жұмыс әдістерін кәсіпорынның басқа бригадалары да қолдануда.

Фабрика қызметкерлері 10 айлық өндірістік программаны партияның XIX съезі ашылған күнге дейін орындау үшін, өнімнің сапасын одан сайын жақсарту үшін жарысуда.

жемістерінен жылма-алып, одан көп пайдаланылып мұнда жемістерді. Бұл жөнінде П. Романов бау-бақша бригадалықтай табыстау

Совет ауданындағы жылдығы» ауылшар мүшелері егін жыйнауда да табысты еңбек жыйнауда №3 бригаданы алда келеді.

Бұл бригада егін өзіне аброймен аяқтау бригаданы мүшелерінің табысы ең алдымен А. Миллер сияқты, алды заттардың еңбегінің ісін шөбері екендігін білді. Комбайншы О. мен күн сайын 25—30 нін жыйнап сменалықпен орындап отырады ол 500 гектардан астам жыйнауға жетісті

Көзір О. Миллер жаны егін жыйнап жаңа еңбек вахтасына егінді тез және мына Мұның нәтижесінде кәсіпкерлер жаңа көріністі отыр.

Каганович атындағы

«Баян» ауыл шаруашылығы (Щеснов ауданы) қолы қоралар әзірлеуде жуық бұзау тұратын мен қатар, бұрынғы делін жаңартылуда.

Мал қораларын салу Жантілеуов, Хайруллин жолдастар сияқты кө

Астық дайындаудың және зябь жыртудың қарқыны еселеп арттырылсын

Жыйнау мен астық ауға жұмсалуды керек


тыстырылды. Жый-
нау мен астық
ердің беті кезінде
ын отырылды. Сөй-
жоюдың нақтылы
іленді. Колхоздар
овхоздарда 300 ден
мен жауынгерлік
Егіншілер ара-
ап газет оқу жү-
ден астам жеке
лардың барлығы
ұштастырылып

мен совхозы пар-
3 коммунист тұра-
егін жыйнау мен
е тікелей өндіріс-
тракторшы және
е, 26 коммунист
зарту, дайындау
н астықты авто-
қты жұмыстарды
ің көпшілігі үгіт-
лар өздерінің жа-
хановтық еңбегі-
көрсете білді.

оздары мен кол-
стер осы сыяқта
і, колхозшылар
рын еңбек өнімі-
жұмылдырды.
сы сыяқты иті-
інде егіншілер
ұйымдастырылды.

жыйнау мен астық дайындауда келелі та-
быстарға жетуге керекті жағдайдың бар-
лығы бар. Бірақ, аталған аудандардың
партия, совет ұйымдары мен шаруашы-
лық орындардың басшылары қолда ба-
р күш- мүмкіншіліктердің өзін егін жыйнау
мен астық дайындау жұмыстарын тездету
жолына пайдалана білмей келеді. Егінші-
лер арасында үгіт- бұқаралық жұмыстар-
дың жайы бүгінгі күннің талабына жа-
уап бермейді. Бірқатар колхоздар мен
МТС-терде еңбек тәртібі нашар, еңбектің
өнімділігі төмен. Егін жыйнайтын және
астық тасыйтын машиналардың қуаты
толық пайдаланылмайды. Желелеген
бригадаларда социалистік жарыс шарты
формальді түрде ғана жасалған. Онда қа-
былданған міндеттемелердің орындалуы
уақытылы тексеріліп тұрмайды. Осының
барлығы аталған аудандардың егін жый-
нау мен астық дайындауда артта қалуы-
на әкеліп соғып отыр. Сентябрьдің 20 на
Преснов ауданы мемлекетке астық тап-
сыру жоспарын 71,8 процент қана орын-
дады. Ал, Ленин, Октябрь аудандары,
Преснов ауданынан сәл алда келеді. Бұл
аудандарда әлі күнге жүздеген гектар
егін жыйналмай тұр. Сабақта тұрып, әб-
ден қурап, піскен егіннің дәні түсіп, ыс-
рап болу фактілері де жоқ емес.

Преснов ауданының Жданов, Калинин
атындағы, «Красное знамя», «Красный
партизан», «Победа» колхоздары мемле-
кетке астық тапсыру жоспарының үштен
екі бөлімін де орындаған жоқ. Октябрь
ауданындағы Степан Разин, Киров атында-
ғы «Трудовик», «Интернационал», «Пез-



Редькин жолдас басқарған бригада—Образцовая МТС-нің таңдаулы трактор бригадаларының бірі. Мұнда орта есеппен 15 аттың күші бар әрбір трактормен 60С гектардан артық жер жұмысталып, 2 центнерден жанар май үнемделген. Осы бригаданың тракторшысы П. Власов жолдас Ленин ауданындағы «Повый путь» колхозында жұмыс істеп, зябь жырту жұмысында сменалық нормасын үнемі 150 проценттен орындап келеді. Ол жыл басынан бері «НАТИ» тракторымен 1000 гектардан аса жер жұмыстады.

СУРЕТТЕ: тракторшы П. Власов жолдасын зябь жырттып жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Зябь мол жыртылуда

Партияның XIX съезіне лайықты өндірістік тарту әзірлеуді көздеген Сталин атындағы колхоздың (Булаев ауданы) мүшелері ауыл шаруашылығы жұмыстарының барлық түрлерін дерлік аброймен атқарып келеді. Мысалы, колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінде орындады. Осыдан кейін колхозшылар дереу зябь жырту жұмыстарын қолға алды. Ал-

Зябь жыртуға мән бермей отыр

Зябь —егін өнімін арттырудың негізгі шарттарының бірі. Сондықтан зябьті мерзімінде және мол жыртудың маңызы орасан зор. Алайда, Преснов ауданының басшылары зябь жыртуға жете мән бермей келеді. Зябь жыртуда қолайлы мерзімнің өтпін бара жатқанына қарамастан көптеген колхоздар мұндай маңызды нау-

ға күні бүгінге дейін жете мән бермей, жұмыстың мұндай маңызды участоғыне жеткілісіз басшылық жасап келеді. Олар жұмыстың қайнаған жерлерінде, трактор бригадаларында сирек болады. Істің жайын жете білмейтіндері де, міне, осыдан.

Келесі жылы егіннен мол өнім алу жолындағы күрес Николаевка МТС-і

июль, август және септің алғашқы-
қы он күні ішінде бастауыш партия
үйі жанының 50 рет ашық жыйналысы
өткізілді. Ол жыйналыстарға партияда
жоқ алдыңғы қатарлы колхозшылар, жұ-
мысшылар, оның ішінде тракторшылар

на астық бөлу және колхозшылардың ең-
бекшүндеріне астық беру жұмыстары
қыза түсуде.

Преснов, Ленин, Октябрь аудандарыда
да осындай игі жұмыстар істеп, егін

жұмысшы еңбекшілерінің көзін ең аз
ройлы, ең ардақты және ең жауапты
міндеті. Сондықтан барлық күш- мүмкін-
шілікті егін жыйнау мен астық дайын-
дауға жұмсай білу керек.

Н. БЕКОВ.

стахановтық вахтаға тұрған комбайншы-
лар мен тракторшылар, егін жыйнау қар-
қынын күшейте түсуде. Механизаторлар-
дың негізгі мақсаты егін жыйнауды таяу-
дағы күндердің ішінде аяқтап, сөзге лай-
ықты тарту әзірлеу.

С. АЯПБЕГЕНОВ.

— МТС-те жаб
деген сұраққа Ба
Ковшов жолдас:

—Қал жамаң
ген, барлық жер
қан болар, —деп
Баян МТС-нің

Қазақстанда Ғылымды дамыта түсейік

Біздің еліміз Лениннің —Сталиннің
ұлы партиясының XIX съезі ашылағын
аса маңызды оқығанын қараңында тұр.
Көзір біздің бүкіл партиямыз, бүкіл со-
вет халқы барлық ейі мен ікітін ала-
дағы болатын сөзге аударуда. Совет
аламдары партияның аса маңызды доку-
менттерін —бесінші бесжылдық жоспар
жөніндегі директивалардың жобасы мен
партияның өзгертілген Уставының жоба-
сын күшті зейін қойып, зор ынтасымен
талқылап жатыр. Жаңа бесжылдық жос-
пар жұмысшы табының, колхозшы шар-
уалардың ғылым, әдебиет пен искусство
қайраткерлерінің алдына шын мәнісін-
де аса ұлы міндеттер қояды.

Еліміздің коммунизм жолымен онан әрі
алға басуының тамаша перспективаларын
ашып берген жаңа бесінші бесжылдық
жоспар жөніндегі партияның директиваларын
талқылай отырып, өткен жолы-
мызға еріксіз көз жібереміз.

Ленин —Сталин партиясының дача
басшылығы арқасында, ұлы орыс халқы-
ның туысқандық көмегімен, қазақ халқы
тарихи қысқа мерзім ішінде ғасырлар бө-
йі арта қалуын жойып, шынында із-
жақсы өмірге қолы жетті.

Көзіргі Қазақстан —Совет Одағының
қуатты және күшті өркендеген индустри-
ялық орталықтарының бірі. Ол еліміз-
ге болат пен прокат, мырыш, аса күрделі
машиналар, қара және түсті металлургия,
кен- руда және көмір өнеркәсібі орында-
рына арналған жабдықтар, жоғары сорт-
ты бензин мен қолдан жасалған торқа
және басқа көптеген өнеркәсіп өнімдерін
береді.

Республиканың ауыл шаруашылығы
да түбірмен өзгерді. Ол ең тамаша техни-

★
Д. ҚОНАЕВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясының
президенті

★
камен жабдықталған. Соғыстан кейінгі
бесжылдық тұсында ғана жалпы қуаты
13.738 киловатт 311 селолық электр
станциялары салынғанын айтсақ та жет-
кілікті.

1939 жылы республиканың астана-
сында құрылған ССР Одағы Ғылым ака-
демиясының филиалы Қазақстанның ғылыми
орталығының негізі болды. Филиалда бес
ғана сектор болып, 200 қызметкер ғана
жұмыс істеді, олардың ішінде 13 адам-
ның ғана ғылыми дәрежесі бар еді.

Соғыстан кейінгі алғашқы жыл совет
халқының тарихындағы ең тамаша жыл-
дардың бірі болды. Бұл жылы академия-
ның филиалы Қазақ ССР-інің дербес Ғы-
лым академиясы болып қайта құрылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы көзір
республиканың шын мәнісіндегі ғылыми
орталығы болып отыр. Академияның 20
ғылыми- зерттеу институты, академия пре-
зидиумының жанында дербес жұмыс іс-
тейтін 9 ғылыми-зерттеу секторы, 7 ғы-
ми- зерттеу және экспериментальдық ба-
засы, 3 ботаника бағы, ғылыми кітапхана-
сы және басқа толып жатқан көмекші
мекемелері бар. Ғылым академиясы 1884
қызметкерді біріктіріп отыр. Солардың
ішінде ғылымның барлық салаларында
істейтін 896 ғылыми қызметкер бар. Ғы-
лымдардың құрамында ССРО Ғылым ака-
демиясы мен Қазақ ССР Ғылым академия-
сының 35 толық мүшесі мен мүше- көр-
респонденті бар. Көзір академияда 35 ғы-
лым докторы, 286 ғылым кандидаты жұ-

мыс істейді. Ғалымдардың ұлт кадрлары-
ның өсуі ерекше сүйсінерлік іс. Акаде-
мияның ғылыми қызметкерлерінің арасын-
да 78 қазақ бар, солардың көбі ғылым-
ның докторлары мен кандидаттары деген
дәрежеге ие болып отыр.

Қазақ ССР Ғылым академиясының
алуан салалы жұмысы ғылымның ұлы
кемеңгер Сталин жолдастың алдымызға
қойған тарихи міндетін: «...Отанбыздан
тыс жерлердегі ғылымның табыстарына
жетіп қана қоймай, таяудағы уақытта
одан асып түсу» міндетін орындауға ба-
ғындырылып отыр. Сталин жолдастың
бұл нұсқауы Қазақстан ғалымдарының
творчестволық жұмысын күшейтуге жет-
кішті болды. Олар орасан зор халықша-
руашылық маңызы бар аса маңызды бір-
сыпыра ғылыми мәселелерді шешті. Совет
ғылымының ерекше сипатының бірі —
оның халыққа, халық мүддесіне қызмет
өтетіндігі. Мұның мәнісі — ғалымдардың
күш- жігерін біздің өнеркәсіміміз без
ауыл шаруашылығына нақты көмек көр-
сетуге жұмылдыру деген сөз. 1951
жылдың өзінде ғана 50-ден аса ғылыми
еңбек өндіріске енгізілді. Бұл еңбектерді
өндіріске енгізуден келетін жалпы эконо-
микалық пайда ондаған миллион сомға
жетеді.

Ғылым академиясының ғалымдары Те-
келінің қорғасын кенінде, Лениногор және
Шымкент қорғасын заводтарында өн-
діреті жақсартуға байланысты бірсыпы-
ра аса маңызды мәселелерді шешті. Оң-
түстік және батыс Қазақстанның жоғары
сортты жергілікті көмірінің және солтүс-
тік пен орталық Қазақстанның төмен
сортты көмірінің қуатын пайдалану жө-
ніндегі маңызды зерттеулер ойдағыдай

аяқталды. Қазақстан ғалымдары мұнай
өнеркәсібіне зор көмек көрсетті. Олар бір-
қатар жаңа аудандардың мұнай байлығы-
ның перспективасы бар екенін дәлелден
берді.

Қазақ ССР Ғылым академиясында ғы-
лым дүниесіндегі жаңалықтың —астро-
ботаниканың негіздері қаланды. Астро-
ботаниканың негізгі мәселесі —басқа пла-
неталарда өсімдіктер тіршілігінің бар
екендігін зерттеу. Осы маңызды ғылыми
мәселені талдап шеше отырып, Қазақстан
ғалымдары жердегі өсімдіктердің оптика-
лық сипаттарын кенінен зерттеді.

Бұдан екі жыл бұрын ұйымдастырыл-
ған Ғылым академиясының физика- тех-
никалық институты металл физикасы мен
металл танудың космикалық сәулелерін
спектрлік талдау саласында зерттеу
жүргізуде.

Мичуриннің, Павловтың, Лысенконың
өзат ілімін басшылыққа ала отырып, Қа-
зақ ССР Ғылым академиясының биолог-
ғалымдары биология мен медицина ғы-
лымдарының әртүрлі салаларында едәуір
жұмыс істеді. Мичуриндік биологияның
негізінде қант қызылшасының, бидайдың,
теменінің шығымдылығын арттырудың
жаңа тәсілдері жасалды. Қазақстанның
флорасы мен өсімдіктері зерттеді.

Физиология институты қансырау ау-
руына қарсы күресу әдісін жасап берді,
бұл әдіс клиникада тексерілгеннен кейін
жоғары баға алып, көзіргі уақытта Моск-
ваның, Алматының, Совет Одағының бас-
қа да қалаларының клиникалары мен
ауруханаларында қолданылып отыр.

Қазақстан ғалымдары Сталинград су
торабының, Түркмен Бас каналының,
Тахиа- Таш су торабының құрылыстары-
на байланысты аса күрделі мәселелерді
шешуге белсене қатысуда. Ғылым акаде-
миясының президиумы Сталинград және

Түркмен каналдар
мектесетін арнау
комитеттің құрам
ірі ғалымдары кір
дың және оның м
рудің жеке мәсел
академияның ғыл
мыстарын жоспар
көстемдіріп отыру
детті. Қазақстан
ның жазығының
руға ұйғарылған
номикалық жағдай
мен қатар Түркме
нында құрылыс
терең зерттеу мін

Қазақ ССР Ғыл
уапты міндеттерді
отыр. Мысалы, 19
зерттеулердің нәти
териалдар жыйнал
коммунизмнің ұлы
балаушы және құ
дары қабылдап, к
нып жатыр.

Каспий жазығы
өзендері арасында
және шаруашылы
жұмыстары бйыл
Өткен жылдың ұлт
Ғылым академиясы
нындағы комплек
тырып, ол Сталин
де жұмыс істейтін
цияның қарамағын
ция- гидрологиялы
геоботаникалық, зо
шаруашылық эсп
қатар төрт арнау
тіне, комплексті ә
Экономика институ
қызметкерлері жұм

а
уда

арын даяр-
Румыния-
ын оқушы-
а болатын.
мен селолар-
орындары,
шысы бар.
Буражуа-
да, деп көр-
ті бар, 16
Румын Ха-
далада 150
у орны жү-

дағы ауыр
ынан аса
к қызмет-
ституцияны
рындығын
жыңналып
рналған жа
ында естаха-
оның қата
әзір 1200

Плоешти, Ги
ында, тағы
орталық-
р мен жүй-
уцияның жа-
удың қоры-
митинг пен
бесжылдық-
рын мерзім-
орындауға

шілік
ніндегі
ция

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 20 сентябрь. (СОТА). Корея Халық- Демократиялық Республикасының Халық армиясының Бас командованиесі бүгін берген хабарында Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз байланыс жасай отырып, барлық майдандарда жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді делінген.

Шығыс жағалауда Халық армиясының бөлімдері душпанның бір эсминец — сәтты кемеңін суға батырған.

Американдар Кореяның бейбіт қалалары мен селоларын аюандықпен бомбалауда

ПХЕНЬЯН, 21 сентябрь. (СОТА). Соңғы уақытта америка авиациясы Кореяның бейбіт қалалары мен селоларына күнде күшті шабуылдар жасауда. «Үшқұш қамал» типтес ауыр бомбардировщиктер Жапон аэродромдарынан ұшып келіп, Солтүстік Кореяның бейбіт елді пункттеріне түн қараңғысында күн сайын жүздеген тонна бомбалар тастауда. Солтүстік Хамген және Оңтүстік Пхеньян провинциялары күшті шабуылдарға ұшырауда.

Бірнеше күн бойы «үшқұш қамалдар» Оңтүстік Пхеньян провинциясының Тедон уезін бомбалауда болды. Түн қараңғысында аюандықпен бомбалаудың нәтижесінде бұл уезде бірнеше деревня өртеледі, қыйратылды, көптеген жерлердің күріш, жүгері және тәулія егістері жойылды. Американдар бомбаларынан көптеген шаруалар, әсересе, әйелдер мен балалар қаза тапты.

13 сентябрьге қараған түні «үшқұш қамалдар» бірнеше сағат Оңтүстік Пхеньян провинциясының Канхон уезіндегі бейбіт елді пункттерді аяусыз бомбалауда болды. Көптеген тарихи ескерткіштер орнатылған, сондықтан тарихи жер делінші есептелінетін осы уезде барлық ескерт-

ПХЕНЬЯН, 21 сентябрь. (СОТА). Корея Халық- Демократиялық Республикасының Халық армиясының Бас командованиесі 21 сентябрь күні былай деп хабарлады:

Корея Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге, бұрынғы алып тұрған шеттерінде қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар душпанның екі истребительін атып түсірді.

Қыйратылып, балшықтың үйіндісіне айналған Пхеньян қаласының тұрғын адамдары мен көптеген шаруалар осы жерде қаза тапты.

Бейбіт халықты жою мақсатымен американдар бомбардировщиктері Пхеньян түнде де бомбалауда. Мұнан екі ай бұрын қаланың халқы өте тығыз ауданы болып есептелген қаланың батыс жағы толық қыйратылып болды, американдар әуе жетдеттері басқа аудандарды да жаппай қыйрату жұмысына кірісіп отыр.

Оңтүстік Пхеньян провинциясына майдадан алыс жерге орналасқан бір госпитальді американдар бомбардировщиктері мен истребительдері жан түршігерлік зұлымдықпен қыйратып кетті. Мұнда емделуде жатқан көптеген жаралылар қаза тапты.

Корея Халық- Демократиялық Республикасының халқы бейбіт елді пункттерге шабуыл жасап отырған американдар авиациясының қылмыстарына орасан зор ыза-бек білдіруде. Барлық қалалар мен селоларда митингілер өткізіліп, оларда бейбітшілікті қорғаудың Бүкілкорейлік комитетінің дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш халықтарына жіберген үндеулерін талқылауда. Үндеу американдар әуе жетдеттерінің

Картографиялық мекеме деген желеумен жұмыс істейтін тыңшылық орган

ВЕНА, 21 сентябрь. (СОТА). «Дер Abend» газеті Зальцбургтан алынған мынадай хабар жариялады, онда былай делінген: «Австриядағы АҚШ-тың оккупациялаушы әскерлерінің топтарынан АҚШ-тың соғыс министрлігінің инициативасы бойынша «Европалық экономика бірлестігі ұйымының» арнаулы органы, «Эксперименталдық аэрофотосуреттерінің европалық ұйымы» дегеннің ұйымдастырылғандығы туралы хабар мәлім болды.

АҚШ соғыс министрлігі 1952 жылдың басында су беттерінің карталарын және фотографиялық карталарды жасау кезінде «Европа армиясы» штабына және Европадағы американдар қарулы күштерінің командованиесіне көмек көрсетерліктей арнаулы ұйымды Европада жасау туралы мәселені Риджуэй штабының бастығы генерал Грюнтерге тартырған болатын. АҚШ соғыс министрлігінің сарапшылары

бұл ұйымға азаматтық желеу байлауға бұйрық берген көрінеді.

Сол себеппен де бұл орган Риджуэй штабының жанынан ұйымдастырылуға тиіс емес, «Европалық экономикалық бірлестік ұйымының» жанынан ашылуға тиіс.

Газеттің сөзіне қарағанда, «жаңа орган» Европаның барлық жерін асырнай түсіріп алуға іс жүзінде жүзеге асыруға «төксеруге» шеттенін отырғаны байқалады.

Европадағы есара хауісіздікті қамтамасыз ету басқармасының өкілі, АҚШ-тың Австриядағы оккупациялаушы әскерлер тобынан алынған мәліметтерге сәйкес, жаңа органды құрастыру жөнінде жұмыс істеп жүрген адамдарға мамандар, самолеттер және жабдықтар деркесінде берілетін болған. Бұл жұмыстар Европадағы арнаулы американдар өкілдері арқылы жүзеге асырылмақшы.

Вена халқы фашистік фильмді экраннан алдырттып тастады

ВЕНА, 21 сентябрь. (СОТА). 19 сентябрьде Венада нацистік генерал Ромелд туралы американдар фильмді көрсетуге қарсы Австрия астанасы еңбекшілерінің қарсылық білдіру демонстрациялары болды. Ішкі істер министрі Гельмердің бұйрығы бойынша фильм жүріп жатқан «Гартенгау» кино- театрының үйіне барлық әскери бөлімдер келтірілген. Полицейліктер резинка шоқпарлармен демонстрацияға қатысушыларды қуумен болды. Полицейліктер мен демонстранттар арасында болған көптеген соқтығыстардың нәтижесінде екі жақтан да ондаған адамдар жараланды. Полицейліктер соққыға жыққан бірнеше демонстрацияға қатысушылар ем-ханаға жөнелтілді. 30-дан астам адам

странттарды соққыға жыққандығы белгілі болғаннан кейін Венадың қаруым Стреттінің солшыл блогы Франциясының мүшелері бургомистр Лонске хат жіберіп, онда Венада фашистік фильмнің жүруіне дереу тыйым салуды талап еткен.

Хатта фашистік бұл фильмді көрсету Венадың бейбітшілік сүйгіш бүкіл антифашистік халқын араңдату болып табылатындығы атап көрсетілген, өйткені, бұл фильм фашистер шығарған дүниежүзілік соғысты ақтауға тырысқандық болып табылады.

Вена халқының наразылық білдірген жаппай қозғалысы табыспен аяқталды. Бешкі газеттердің хабарына қарағанда,

хатын тапсырды.

Парламент председатели Элерс хатты қабылдап, оны сол сағаттан бастап Бундестагтың фракцияларына және федералдық үкіметке табыс етуге өзінің әзір екендігін мәлімдеді. Элерстің мәлімдемесіне қарағанда, хатқа дереу жауап беру мүмкін емес, өйткені. Бундестагтың мәжілісі екі жумадан кейін шақырылады, сондықтан бұл хат жөнінде өзінің пікірін білдіруге фракцияның мүмкіншілігі жәк. Бундестагтың председатели жағдайды қиындата беретін кедергілердің барлығын жоюға және азайта беруге тырысатын әрбір қадамға өзінің ризалығын атап көрсеткен.

ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ ПАЛАТАСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ БОННАН ҚАЙТУЫ ЖӨНІНДЕ

БЕРЛИН, 20 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасының делегациясы Бонн парламентінің председатели Элерске төмендегідей телеграмма жолдады:

«Герман федералдық республикасының жерінен кетіп бара жатып, сізбен сөйлесуге мүмкіншілігіміз болғаны үшін сізге алғыс айтқымыз келеді. Азғантай уақыт болғанымыздың кезінде бейбітшілік пен бірлікке халықтың шын жүректен ұмтылып отырғанын көрсететінін дәлелдейтін көптеген сыпаттамалардың куәсі болдық. Біздің қабылдауымызды өтінген көптеген

жүргізілуін тілейді деп жауап берді, тек төрт мемлекет арасында болатын келіссөздердің мазмұны мен мақсатында, мүмкін, пікір жөнінде ғана алауыздық болуы ықтымал.

Премьер-министрдің орынбасары Отто Нухке өзінің қорытынды сөзінде Бундестаг председатели доктор Элерске делегацияны қабылдағаны үшін алғыс айтты. Мұнымен қатар, Отто Нухке бірлесіп жұмыс істеудің нәтижесінде біртұтас нәтиже пікірін қабылдауға мүмкіндік бар деген үміт білдірді.

депутаттар мен жеке адамдарды және делегацияларды қабылдауға мүмкіншілігіміздің болмағандығына өкініштіміз, өйткені, біздің бұдан көп болуымызға рұқсат берілмеді.

Федералдық республиканың жерінен кетіп бара жатып, Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының сізге біз табыс еткен ұсыныстарын халықтың көпшілігінің қолдайтындығына біз сенеміз.

Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының делегациясы, Герман Матері».

ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ ПАЛАТАСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ БЕРЛИНГЕ ҚАЙТЫП КЕЛУІ

БЕРЛИН, 21 сентябрь. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасының делегациясы бүгін Боннан Берлинге қайтып келді.

Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пик бүгін өзінің резиденциясында Халық палатасының делегациясы халық палатасы председателинің орынбасары Герман Матерінің премьер-министрдің орынбасары Отто

Нухкені, Саула және қамсыздандыру министрі доктор Барл Хаманды, Халық палатасы председателинің орынбасары Эрст Гольдешаумды және Халық палатасының депутаты Генрих Хаманды қабылдады.

Қабылдауға Халық палатасының председатели Йоганнес Дикман, үкімет мүшелері және демократияшыл Германияның ұлттық майданының өкілдері қатысты.

рдің сағынса, бастағаннан кейін американдарға қарсы ниеттер күшейе бастады, көзірті уақытта Англия жерінде 30 мыңнан астам американдық қызметкерлерінің бар екен-

АНГЛИЯНЫҢ АҚШ-қа ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ТАБЫНЫШТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ «НЬЮ СТЕЙТСМЕН ЭНД НЕЙШ» ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

ЛОНДОН, 21 сентябрь. (СОТА). «Нью Стейтсмен Энд нейш» газеті Англияның экономикалық жағдайына арналған мақаласында Құрама Штаттарға сеніп, Англия өзін қауіпке ұшыратып отырғандығын атап көрсетеді. Мақалада былай делінген: Англияның болашақтағы мүмкіншіліктері мынадай: Америкада тұтыну азая бастаған күнде доллардың жетімсіздігінен және шикі зат сарқылып бағаның құрт өсетіндігінен Англияға жалтақтауға тура келеді, өйткені, американдық Модохы ол уақытта өзінің азуын алты қарыс ашатын болады.

Онан әрі мақалада былай делінген: Вашингтонның шапағаттығынан үміт күтіп,

ЧИЛИДЕ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ-Йорк, 20 сентябрь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Сантьягодан (Чили) берген хабарына қарағанда, «возвратились» транспорт жұмысшылары өздерінің талаптарын орындаттырғаннан кейін жұмыстарына қайта келген. Ереуіл үш күнге созылып, Сантьягодағы барлық транспорттың жүрісі мүлдем тоқталған.

СОҒЫС ТҮТҚЫНДАР ЛАГЕРІНДЕГІ АМЕРИКАНДАРДЫҢ ЖАҢА ҚЫЛМЫСЫ

ПЕКИН, 21 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан, 17 сентябрь күні «зорлықпен көшірілген азаматтық адамдар лагерінде» американдар 23 соғыс тұтқынын жаралады деп хабарлады.

лер бұл ауданда өте көбейіп кетті деп арыз айтуда. Американдар өзінің клубын басқа жерге алып кетсін деген талап күшейе түсті.

өзіміздің күнделікті өмірімізге жетерліктей пайда түсіру үшін Құрама Штаттар алдында құлшылық етуді күшейтумен барлық қыйыншылықтан құтылуға тырысамыз. Алайда, өзіміздің тәуелсіздігімізді құрбан қылып, борышқа белдемден батсақ та өзіміздің өмір сүруімізге керекті қаражатпен өзімізді қамтамасыз ету мақсатына әлі иенің жасуындай да жақындағанымыз жоқ».

КИНОЛАРД

«УДАРНИК» кинотеатрында

«РОБИН ГУДТЫҢ ОҚИЯҒАСЫ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ»

«ӨМІР»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Облыстық „ЛЕНИН ТУЕ

1952 жылдың төртінші то
жазылушылар қабы

Газетке жазылу бағ

1 айға—5 сом, 3 айға—15

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почкәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттіруын қамтамасыз етеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс е

ТОКНО, 21 (С) «ури» газеті. Жәлігінің мәлімет айында бір милқан 195 еңбектендігін хабарда айына қарағандартық болған.

ПARIЖ, 21 радиосының хабарына қарағанда Орли аэродромында уақытта Сена